


ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-февраль 2024 г.

133,2
МЛРД ТГ



101,4%
ИФО

\$17,3 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 42,2%
ОТП 57,8%

\$179,3
МЛН




РЫНОК

\$75,7 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

Құрылыс материалдарының 2024 ж. қаңтар-ақпандағы өндірісі

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда **133,2 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2023 жылғы осы кезеңнен 6,3% төмен (*142,1 млрд теңге*).

Өнімнің физикалық көлем индексі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 101,4% құрады. Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойынша байқалады:

- керамикалық отқа төзімді емес кірпіштер (+99,8%);
- кожмақта, минерал мақта (+96,6%);
- цемент клинкерлер (+10,8%);
- бетоннан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялар (+5,4%);
- гипсокартон (+3,5%);
- ескерткіштер, әрлеу және құрылысқа арналған өңделген тас (+3,1%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2024 жылғы қаңтарда 2023 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 28,4% өсті және **17,3 млн АҚШ долл.** құрады. Заттай көріністе экспорт көлемі 65,5 мың тоннаны құрап, 19,7% өсті, өткен жылғы осы кезеңде 54,8 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі үздік экспорт елдері: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Құрылыс материалдарының отандық нарыққа импорты 2024 жылғы қаңтарда **75,7 млн АҚШ долл.** құрады, 2023 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 2% төмендеді. Заттай көріністе тауарлар көлемі 2023 жылғы қаңтармен салыстырғанда 7,4% төмендеп, 163,6 мың тоннаны құрады.

Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Өзбекстан.

2024 жылғы қаңтарда ҚР-да құрылыс материалдары нарығының көлемі **179,3 млн АҚШ долл.** құрады, онда **ОТӨ үлесі 57,8%**, импорт өнім үлесі **42,2%**.

Құндық көріністе ең жоғары өндіріс көлемін ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда Астана қ. (жалпы өндіріс көлемінде 14,7% өңір үлесімен), Қарағанды облысы (9,7%) және Алматы облысы (8,6%) құрайды.